

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихатының 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 70 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 сәуірде № 4145 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2021 жылғы 15 қаңтардағы № 7 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 15.01.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты

ШЕШІТІ:

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Тайынша ауданы

мәслихатының

XIII сессиясының төрагасы

Солтүстік Қазақстан облысы

Тайынша ауданы

мәслихатының хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

H. Қошқарбаев

К. Шәріпов

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 72682 тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалары) сәйкес әзірленді және өмірлік қыын жағдай туындаған кезде Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге етініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік

қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мұлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын занды тұлға;

2) атаулы құндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

3) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

4) ең төмен құнкөріс деңгейі – облыстағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

5) мереке құндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке құндері;

6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жынытық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

7) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган – "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін ауылдық округ әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 04.10.2019 № 283 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Осы Қағидалар Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аумағында тұратын тұлғаларға таратылады.

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде, "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі арқылы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігімен берілетін, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қыын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы құндер мен мереке құндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

5. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Занының 20-

бабында және "Қазақстан Республикасында мұгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Занының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы құндер мен мереке құндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі мен мөлшері осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 04.10.2019 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Участекелік және арнайы комиссия өз қызметтерін аудан әкімдігімен бекітілетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санатының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмек мөлшерлерін белгілеу тәртібі

8. Алушылар санатының тізбесін, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлерін, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдерін ауданының жергілікті атқарушы органды белгілейді және жергілікті өкілді органның шешімімен бекітіледі.

9. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу және адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесі осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес бекітіледі.

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

10. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

11. Әлеуметтік көмек азаматтарға осы Қағидаларға 2-қосымшаның 1) – 13) тармақшаларында көрсетілген негіздемелер бойынша адамның (отбасының) ең тәменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отыра, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет көрсетіледі.

12. Әлеуметтік көмек азаматтарға (отбасына) осы Қағидаларға 2-қосымшаның 14) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша адамның (отбасының) ең тәменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отыра, 60 (алпыс) ең тәменгі есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет көрсетіледі.

13. Әлеуметтік көмек осы Қағидаларға 2-қосымшаның 15) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, кезектілік ретімен ұсынылған шот-фактураға сәйкес тіс протездеу құны мөлшерінде (бағалы металлдар мен металл керамикадан, металл акрилден жасалған протездерден басқа) 3 (үш) жылда бір рет көрсетіледі.

14. Әлеуметтік көмек осы Қағидаларға 2-қосымшаның 16) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, кезектілік ретімен санаторлық-курорттық емделу құны мөлшерінде, жылына бір рет көрсетіледі.

15. Әлеуметтік көмек осы Қағидаларға 2-қосымшаның 17) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын көрсетіледі.

Әлеуметтік көмек көрсетілген тұлғаларға көрсетіледі, егер олар толық мемлекеттік қамтамасыз етуде болмаса.

16. Әлеуметтік көмек осы Қағидаларға 2-қосымшаның 18) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет көрсетіледі.

17. Әлеуметтік көмек осы Қағидаларға 2-қосымшаның 19) тармақшасында көрсетілген көмек Қазақстан Республикасының аумағында жөнелту станциясынан ауруханаға жатқызылатын жерге дейін және кері қарай теміржол (плацкарт вагон), автомобиль жолаушылар көлігімен (таксиден басқа) жөнелту станциясынан бастап емделу орнына дейін және кейін қайту кірістер есебінсіз, кезек тәртібімен, жол жүру құны көлемінде жылына бір рет ұсынылады.

18. Әлеуметтік көмек осы Қағидаларға 2-қосымшаның 20) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша ең тәменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отыра, 160 (жүз алпыс) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде оқу жылының басында көрсетіледі.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

19. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті үйымның не өзге де үйымдардың ұсынымы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігімен бекітіletін тізім бойынша көрсетіледі.

20. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 18.03.2020 № 336 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен;
- 3) Үлгілік қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қызын жағдайдың туындағанын растайтын актінің және/немесе құжатты ұсынады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 18.03.2020 № 336 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

21. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

22. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түсken кезде уәкілетті орган немесе ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекі комиссияға жібереді.

23. Участекі комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағидаларының 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды ауылдық округ әкіміне жібереді.

Ауылдық округ әкімі участекі комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

24. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарауға қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

25. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен үйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

26. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарастыруына ұсынады.

27. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

28. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 22 және 23-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

29. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негізdemесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

30. Әлеуметтік көмек өмірлік қыын жағдай туындаған күннен бастап алты айдан кешіктірмей ұсынылады.

31. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

32. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданның бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік көмек төлемі екінші деңгейдегі банктер арқылы өтініш берушілердің дербес шоттарына сомаларды уәкілетті органымен аударуы жолымен жүзеге асырылады.

4. Көрсетілеттің әлеуметтік көмектің тоқтатылуы және қайтарылуы үшін негізdemелер

33. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Тайынша ауданының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

34. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

35. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтары жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 1-қосымша

Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі мен мөлшері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 04.10.2019 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 18.03.2020 № 336 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 04.05.2020 № 357 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

p/ c №	Aтаулы күндердің, мереке күндерінің атаулары және әлеуметтік көмек алушылар санаттары	Әлеуметтік көмек көрсету еселігі және мөлшері
--------------	---	---

Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні – 15 ақпан

Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет	
--	--

	Армиясының, Эскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің катардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жеткізу үшін Ауғанстанға жіberілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аumaғынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуладар жасаған үшү құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жарапланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
2	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жарапануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
3	Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жарапануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
4	Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жарапанудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдырудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмысқа жіberілген жұмысшылар мен қызметшілер	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
6	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша, болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбеген жұмысшылары мен қызметшілері	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

1	"Алтын алқамен", "Күміс алқамен", I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көпбалалы аналар	Жылына 1 р е т 10 (он) айлық есептік көрсеткіш
		Жылына 1 р е т

2	Көпбалалы отбасы құрамында бірге тұратын төрт және одан көп қәмелетке толмаган баласы, оның ішінде қәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру үйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және қаржылық жағдайларда оку орнынан кейінгі білім беру үйымдарында күндізгі оку нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы	5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
---	--	---------------------------------

26 сәуір – Чернобыль атом электр стансасындағы апатты еске алу күні

1	1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
2	Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
3	Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
4	Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
5	1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының күрсағындағы балаларды қоса алғанда	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

1	Бұрынғы Кенестік Социалистік Республикалар Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндеттін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сактау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасылары	Жылына 1 р е т 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
2	Бейбіт уақытта әскери қызметтің өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары	Жылына 1 р е т 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш

9 мамыр – Женіс күні

--	--	--

		Жылына 1 р е т 2 0 2 0 жылғы 9 мамырды қоспағанда , 100 (жұз) айлық есептік көрсеткіш; 2 0 2 0 жылғы 9 мамырға 1 0 0 0 0 0 0 0 (бір миллион) тенге
1	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	Жылына 1 р е т 2 0 2 0 жылғы 9 мамырды қоспағанда , 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2 0 2 0 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз мың) тенге
2	Корғанысина қатысу майдандагы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары	Жылына 1 р е т 2 0 2 0 жылғы 9 мамырды қоспағанда , 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2 0 2 0 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз мың) тенге
3	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандагы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теніз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысина қатысу майдандагы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелеген қалаларда болған адамдар	Жылына 1 р е т 2 0 2 0 жылғы 9 мамырды қоспағанда , 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2 0 2 0 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз мың) тенге
		Жылына 1 р е т 2 0 2 0 жылғы 9

		мамырды қоспағанда , 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз мың) тенге
4	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандагы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар	Жылына 1 р е т 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда , 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз мың) тенге
5	Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарыс ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар	Жылына 1 р е т 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда , 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз мың) тенге
6	Қатынас жолдары халық комисариаты, Байланыс халық комисариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Балық өнеркәсібі халық комисариатының, Теніз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері	Жылына 1 р е т 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда , 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз мың) тенге
7		Жылына 1 р е т 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда , 5 (бес) айлық есептік

	Коршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар	көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 60 000 (алпыс мың) тенге
8	Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрган концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары	Жылына 1 р е т 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз мың) тенге
9	Әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қымылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар	Жылына 1 р е т 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз мың) тенге
10	1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина Кеңестік Социалистік Республикасы, Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік Социалистік Республикасы, Латыш Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстон Кеңестік Социалистік Республикасы аумактарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқаруға кезінде жаралануы, контузия алуы немесе закымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар	Жылына 1 р е т 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 60 000 (

		алпыс мың) тенге
11	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы	Жылына 1 р е т 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда , 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз мың) тенге
12	Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа катысушылардың, партизандардың, астырын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмagan әйелдері (күйеулері)	Жылына 1 р е т 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда , 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз мың) тенге
13	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар	Жылына 1 р е т 2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда , 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз мың) тенге
	1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткөрген), соғыс жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі	2020 жылғы 9 мамырға

14	және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен наградталмаған және Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілмеген адамдар	30 000 (отзы миң) тенге
----	---	-------------------------

31 мамыр - Саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

1	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси құғын-сүргіннен тікелей зардап шеккен және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
2	Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне құғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда танылады: а) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан тысқары жерлерде құғын-сүргіндерді кенес соттары мен басқа да органдардың қолдануы; б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы; в) Қазақстаннан тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін құғын-сүргіндердің қолдануы; г) құғын-сүргіндерді орталық одақтық органдар: Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, СКРО Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер халық комиссариаты - Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі - Ішкі істер министрлігі жаңындағы айрықша кеңестің, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Прокуратурасы мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Истері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы; д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқигаларына қатысқаны үшін, осы оқигаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, құғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
3	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстаннан қүштеу арқылы құқыққа карсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар да танылады	Жылына 1 р е т 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
4	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси құғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-акқуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған саяси құғын-сүргіндер құрбандарының балалары танылады	Жылына 1 р е т 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні

1	Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетқы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мэртебесі бар зейнеткерлер, облыстың, қаланың (ауданның) құрметті азаматтары	Жылына 1 р е т 10 (он) айлық есептік көрсеткіш
---	--	--

оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтарының жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың қағидаларына 2-
косымша

**Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелердің және
өмірлік қызын жағдай туындаған кезде тұлғаның (отбасының)
материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізудің қорытынды
тізбесі**

**Ескерту. Қосымшага өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы мәслихатының 10.12.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

- 1) жетімдік;
- 2) ата-ананың қамқорынсыз қалғандар;
- 3) кәмелеттік жасқа толмағандардың қараусыздығы, соның ішінде девиантты
құлықтылар;
- 4) туғаннан үш жасқа дейін ертеде пайда болған психо-дене түрғыдан даму
мүмкіншіліктерінің шектеулігі;
- 5) дене және (немесе) ой-сана мүмкіншіліктеріне қарай организм қызметінің
тұрақты бұзылуы;
- 6) әлеуметтік мәні бар және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулар
салдарынан тіршілік әрекетін шектеу;
- 7) жасының ұлғаюына байланысты, басынан кешірген ауру және (немесе)
мүгедектік салдарынан өзін-өзі құтуге қабілетсіздік;
- 8) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік дарымауға әкеп соққан
қатыгездік көріп өсу;
- 9) баспанасыздық (тұрақты тұратын жері жоқ тұлғалар);
- 10) бас бостандығынан айыру орындарынан босап шығу;
- 11) пробация қызметінің есебінде болуы;
- 12) кәмелетке толмағандардың ерекше тәртіп сақталатын білім мекемелерінде
болуы;
- 13) адамның (отбасының) ең төмен құнкөріс деңгейінің бір жарым еселік
мөлшері шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысының болуы;
- 14) апатты жағдай немесе өрт салдарынан азаматқа (отбасына) немесе оның
мұлкіне зиян келтіру;
- 15) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ
женілдіктері мен кепілдіктері бойынша "Ұлы Отан соғысының қатысушылары
мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға женілдіктер мен оларды
әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі

Заңының 5,6,7,8 және 9-баптарында көрсетілген Ұлы Отан соғысының қатысушылар мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалардың тіс протезіне (тісті кеталлокерамзиттерден және асыл металдардан протездеуді қоспағанда) мұқтаждығы.

16) Ұлы Отан қатысушылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ женілдіктері мен кепілдіктері бойынша "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 5,6,7,8 және 9-баптарында көрсетілген Ұлы Отан соғысының қатысушылар мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалардың Қазақстан Республикасы санаторийлері мен профилакторияларында санаторийлі-курорттық ем алуға мұқтаждығы;

17) "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 5 және 7-баптарында көрсетілген Ұлы Отан қатысушылары мен мүгедектерінің коммуналдық қызметтер мен отын сатып алуға шығыстарының төлемін өтеуге мұқтаждығы;

18) амбулаторлы емдеуде жүрген азаматтарда туберкулездің белсенді түрінің болуы;

19) Ұлы Отан қатысушылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ женілдіктері мен кепілдіктері бойынша "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 5,6,7,8 және 9-баптарында көрсетілген Ұлы Отан соғысының қатысушылар мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалардың кірістерін есепке алмастан, жылына бір рет Қазақстан аумағы бойынша жөнелту станциясынан госпитальдау орнына дейін темір жолмен (плацкартты вагонда) автомобильді жолаушылар көлігімен (таксиден басқа) жол журуге мұқтаждығы;

20) аз қамтылған отбасыларда Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан жоғары кәсіптік білім беру мекемелеріндегі оқытуудың күндізгі түрінде оқитын балаларының болуы.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының күші
ауданы мәслихатының 2017 жылғы 4
сәуірдегі № 70 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының күші жойылды деп тануға жататын кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген

санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 158 шешімі (2014 жылғы 21 ақпан "Тайынша таңы" аудандық газетінде, 2014 жылғы 21 ақпан "Тайыншинские вести" аудандық газетінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2551 болып тіркелді).

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 158 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2014 жылғы 5 қарашадағы № 233 шешімі (2014 жылғы 21 қараша "Тайынша таңы" аудандық газетінде, 2014 жылғы 21 қараша "Тайыншинские вести" аудандық газетінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2986 болып тіркелді).

3. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 158 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 266 шешімі (2015 жылғы 30 сәуір "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3223 болып тіркелді).

4. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 158 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 мамырдағы № 278 шешімі (2015 жылғы 05 маусым "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3260 болып тіркелді).

5. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 158 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2015 жылғы 15 маусымдағы № 291 шешімі (

2015 жылғы 09 шілде "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3294 болып тіркелді).

6. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 158 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 тамыздағы № 310 шешімі (2015 жылғы 25 тамыз "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3382 болып тіркелді).

7. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 158 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 мамырдағы № 13 шешімі (2016 жылғы 01 шілде "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3789 болып тіркелді).

8. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 158 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2016 жылғы 28 қазандағы № 28 шешімі (2016 жылғы 30 қараша "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3943 болып тіркелді).